

ӘОЖ 81-114.4

ҒТАХР 16.31.02

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.1.80.015>

ҰЛТТЫҚ АССОЦИАТИВТІК СӨЗДІКТІ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ: САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Медетбекова П.Т.¹, * Қордабай Б.Қ.², Алдашева К.С.³

^{1,*2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Ғылым мен технологияның айтарлықтай жетістіктерінің сандық форматқа ауысып, соның әсерінен ендігі кезекте ғылыми өнімдердің қолжетімділігі артып, көптеген теориялық және практикалық мәселелерді шеше алатын әлеуеті артуда. Лексикографиялық еңбектердің онлайн тілдік база, корпустардың, басқа да компьютерлік бағдарламалардың лингвистикалық негізін құрап отырғандығы белгілі жайт. Соның бір мысалы – тұтас этникалық топтың тілдік санасына сипаттама беретін ассоциативтік сөздіктердің жасанды интеллект, тілді үйрету машиналарының белгілі бір тіл иелері сияқты ойлау жүйесін, тілдің логикалық үдерістері мен грамматикалық құрылымын қалыптастырудағы рөлін атап өткен жөн. Қазақ этносына тән құндылықтар, мәдени өзгешеліктерден мол ақпарат беретін ұлттық ассоциативтік сөздіктердің құрылымын, оларды құрастырудың тәжірибесін, алгоритмін (жасалу жолы), лингвистикалық қағидаларын жүйелеп, өз тарапымыздан толықтыру, қағидалардың маңызын нақты тілдік материалдар негізінде анықтап, түсіндіру мақаланың мақсаты болмақ.

Мақаланың алға қойған негізгі ғылыми бағыты мен идеясы – қазақ тіліндегі ассоциативтік сөздіктердің сан және сапа жағынан дамуы қажеттігін ескере отырып, заманауи талаптарға сай жаңа аспектілік түрін әзірлеу; ұлттық тілдік сананы, «ассоциативтік» жадты бейнелейтін тілдік деректерді жинақтау және талдау.

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастыруда еркін ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Стимулдарға берілген реакциялар сапалық және сандық талдау арқылы зерттелді; реакциялардың биоәлеуметтік көрсеткіштері (жас, жыныс, аймақ, мамандық) тұрғысынан лингвистикалық және аксиологиялық ерекшеліктері анықталды.

Ұсынылған қағидалар негізінде сөздік материалы құрылып, қазақ халқының ұлттық мінезін, санасының ерекшелігін, аңғал тілдік дүниетаным белгілерін бейнелейтін деректер жүйеленді.

Жалпы жаңа практикалық лексикографиялық өнімдерге теориялық лингвистикалық қағидаларды құру – сөздік құрастыру саласындағы зерттеулердің негізгі міндеті. Осылайша, ХХІ ғасырдағы ақпараттық-

коммуникациялық технологияларының дамуы, жаһанданумен бірге маңызы артатын ұлттық ассоциативтік сөздіктердің қағидаларын әзірлеу қазақ тілін синхрониялық тұрғыдан саралауға ықпал етіп қана қоймай, ұлттың рухани және материалды мәдениеті пен салт-дәстүрін, этномәдени лексемалардың семантикасының ғасырлар бойы толық сақталуына мүмкіндік береді. Мақалада лексикография саласындағы интегративті теориялық және практикалық мәселелердің шешу жолдары ұсынылады, бұл қазақ тіл білімінің дамуына және жаңа буын сөздік өнімдерін жасауға үлес қосады.

Тірек сөздер: ассоциативтік сөздік, лексикография, этнолексема, лингвистикалық қағидалар, психоллингвистика, ассоциация, стимул, реакция, тілдік сана

Кіріспе

Психоллингвистикалық эксперименттер негізіндегі тілдік сана туралы зерттеулердің санының артуы және ассоциативтік лексикографиялық еңбектердің дамуы лингвистикалық талдаудың формалды сипаттамадан семантикалық талдауға өту сияқты жаңа деңгейге көтерілуіне себеп болды. Ассоциативтік сөздік – сөз семантикасын мазмұндық тұрғыдағы психоллингвистикалық сипаттауға арналған негізгі материал ретінде қарастырылады.

Ассоциативтік психоллингвистика ХХ ғасырда тіл иелерінің санасында жасырын жатқан вербалды білім мен концептуалдық құрылымдарды анықтаудың тиімді тәсілі ретінде өзін дәлелдеді. Еркін ассоциациялар арқылы алынған деректер тілдік сана құрылымын модельдеуге, мәдени-ұлттық ерекшеліктерді тануға, семантикалық өрістерді сипаттауға мүмкіндік берді.

Осылайша, *ассоциативтік сөздіктер* – бұл дескриптивтік (сипаттамалық) типтегі сөздіктер, олар түрлі сипаттағы ассоциативтік материалдарды қамтиды. Мұндағы ассоциация – адамның санасында бір ұғыммен байланысты екінші ұғымның туындауы, бұл байланыс жақындық, ұқсастық немесе қарама-қарсылық негізінде қалыптасады. Орыс тіліндегі ассоциативтік сөздікті құрастырушы ғалым Ю.Н. Караулов *«ассоциативтік сөздік* тікелей сөйлеу емес, бірақ ол тілді сөйлеуге дейінгі дайын күйінде көрсетеді. Сөздік тілді тасымалдаушы адамның жадында тілді сақтау тәсілін, сыртқы бақылауға бағынбайтын, тереңде жасырын жатқан механизмді ашып көрсетеді. Осы арқылы адамзаттың тілдік қабілетінің құпия сырын, яғни сөйлейтін әрі түсінетін адамның тіл жүйесінің қалай ұйымдастырылғанын ішінара болсын ашып береді» [1, б. 753] деп анықтайды.

Ассоциативтік сөздік тілдің сөздік құрамының семантикалық құрылымы, синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялар жайлы лингвистикалық зерттеулер үшін құнды материал ұсынады. Ғалым Н.В. Уфимцева атап өткендей, «ассоциативтік реакцияларды зерттеудің бір артықшылығы – бұл материалдарды белгілі бір мәдениет пен тілге тән

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

«ассоциативтік бейнепрофиль» ретінде қарастыруға болатындығында. Олар нақты этнос иеленетін ақыл-ой және сезімдік білімді біріктіреді [2, б. 235].

Жоғарыда айтылғандай, ассоциативтік сөздік нақты бір этностың белгілі бір тарихи кезеңдегі әлем бейнесінің жүйелілігін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тілдік сананың өзегін анықтау арқылы іске асады. Яғни, ассоциативтік-вербалды желінің өзге бірліктерімен ең көп байланысқа түсетін бірліктері анықталып, олар кері ассоциативтік сөздік түрінде көрініс табады.

Ғылымда ассоциацияға деген қызығушылық антикалық дәуірден бастау алғанымен, алғашқы ассоциативтік нормалардың пайда болуы тек XX ғасырдың басынан бері тіркелген, ол америкалық ғалымдардың еңбектерімен байланыстырылады.

Ассоциативтік нормалардың алғашқы жинақтарының бірі – Палермо және Дженкинстің 1964 жылғы ассоциативтік нормалары, онда 200 сөзге қатысты ассоциациялар келтірілген. Кейінірек 1973 жылы Кисс және оның әріптестері *Эдинбург ассоциативтік тезаурусын* жасап, аса кең ауқымды нормаларды жинауға және стимул-реакция желісін құруға тырысқан. Бұл жұмыс Палермо және Дженкинс нормаларындағы стимулдардан басталды. Осындай бағытта 1998 жылы АҚШ-тың Оңтүстік Флорида университетінде де (Нельсон және т.б. ғалымдар) жоба жүзеге асырылды, онда 1973 жылдан бастап 20 жылдан астам уақыт бойы ассоциациялар жиналды: 6 000-нан астам қатысушы 5019 стимул сөзге шамамен 750 000 жауап берген. Сөздіктің негізгі бөлімінде әрбір сөзге (cue) қатысушылар бір немесе бірнеше байланысты сөздерді (target) ұсынған. Қосымша деректер бөлімінде нормаларда тікелей және кері ассоциация байланыстарының күштері, сөз жиілігі, сөз табы, омографтар, және басқа да статистикалық көрсеткіштер қамтылған. Сөздікте жиналған деректер жиынтығын семантикалық желілерді құру, жадыны зерттеу, тіл өңдеу модельдерін дамыту және басқа да когнитивті зерттеулер үшін пайдалы деп анықтауға болады.

1970 жылы АҚШ-та Л. Постманның редакциясымен «Сөздік ассоциациялардың нормалары» («Norms of Word Association») атты еңбек жарық көрді, онда ағылшын, француз және неміс тілдеріндегі бұрын жиналған барлық ассоциативтік нормалар қамтылған. XX ғасырдың 70-90 жылдары арасында бірқатар ұлттық ассоциативтік сөздіктер жарық көреді: өзбек тілі (Залевская, 1971), голланд тілі (Made-van Bekkum, 1973), қырғыз тілі (Титова, 1975), орыс тілі (Леонтьев, 1977), украин тілі (Бутенко, 1979), беларусь тілі (Цітова, 1981), словак тілі (Maršalová, 1972; 1974), болгар тілі (Български норми на словесни асоциации, 1984; Калюта, 1985), латыш тілі (Ульянов, 1988), қазақ тілі (Дмитрюк, 1978).

Қазіргі уақытта шығыс тілдерінің (қытай (Ху Цзюнь-Фан, 2017), корей (Чжэнь Чон, 2008), жапон (К.Инохара, А.Уцуми, 2021) және т.б.) және Солтүстік халықтарының сирек тілдерінің (бурят, саха (якут), эвен және т.б.) ассоциативтік нормалары жиналды, сондай-ақ көптілді (славян тілдерінің

ассоциативтік тезаурусы) және аудармалық ассоциативтік сөздіктер жарық көрді.

Осыған ұқсас сандық форматтағы онлайн және тегін түрде қолжетімді ұзақ мерзімді жобаға әртүрлі тілдер отбасына жататын 20 түрлі тілдер фактілерін бір платформаға біріктірген *Small World of Words (SWOW)* нормасы жатады. *Small World of Words (SWOW)* – әлем тілдеріндегі сөздер арасындағы ассоциативтік байланыстарды зерттеуге арналған халықаралық ғылыми жоба. Бұл бастама адамның менталдық лексиконын картаға түсіруді мақсат етіп, когнитивтік ғылым, психолінгвистика және тіл білімі салаларында кеңінен қолданыс тауып отыр. Жобаға 90 000-нан астам қатысушы 3,6 миллионнан астам ассоциация ұсынған, қамтылған сөздердің жалпы саны – 12 000-нан аса (ағылшын тілі бойынша). *SWOW* жобасы адамның менталдық лексиконында активацияның таралуы (*spreading activation*) қағидатына негізделген. Яғни, бір сөзді қарастыру кезінде ол сөзбен байланысты басқа сөздер де жадыда белсендіріледі.

Қазіргі тіл біліміндегі ауқымды ассоциациялық нормалардың қатарына «*Small World of Words*» (*SWOW*) жобасы негізінде құрылған, шамамен 12 000 стимул-сөзден тұратын **LLM (Large Language Model (Үлкен тілдік модель))** негізіндегі жаңа ассоциативтік нормалар деректер жиынтығы да қосылады. Аталған норманы құрастырушылар үш ірі тілдік модельді – *Mistral*, *Llama3* және *Naiku* пайдалана отырып, *LLM World of Words (LWOW)* деп аталатын үш бірдей салыстырмалы деректер жиынтығын құрастырған. *SWOW* және *LWOW* нормаларын пайдалана отырып, адамдар мен *LLM*-дердегі тұжырымдамалық білімді бейнелейтін семантикалық жадтың когнитивтік желілік модельдері жасалған. Бұл деректер жиынтығы – адамдар мен *LLM*-дердегі жасырын бейімділіктерді, мысалы, қоғамда және *LLM* нәтижелерінде кездесетін гендерлік стереотиптерді зерттеуге мүмкіндік беретін жобаның базасы.

Қазіргі таңда ассоциативтік лексикография жаңа стимул сөздерді қосу арқылы кеңейтілген ассоциативтік нормаларды жариялау, респонденттер санының артуы, онлайн платформаларда қолжетімді болуы арқылы қарқынды даму үстінде. Осылайша, *XXI* ғасырда аса ауқымды ассоциативтік деректер базасы жасалуда. Бұл база негізінде сөздердің семантикалық және өзге де ерекшеліктері, ассоциация механизмдерінің қызмет ету заңдылықтары, реакция типологиясы зерттеледі. Осы ретте қазақ тілінің де ұлттық менталды лексиконы мен сөз қолданыстарын жинақтап, халқымыздың мәдени өмірі мен ұлттық ғаламдық бейнесін танытатын ассоциативтік сөздігін әзірлеу, оның жасалу сипаты мен қағидаттарын анықтау – әлемдік ассоциативтік лексикографияның теориясы мен тәжірибесі үшін маңызды қадамдардың бірі.

Қазіргі этнопсихолінгвистикалық зерттеулерде тілдік сана немесе әлем бейнесінің ұлттық-мәдени ерекшелігі ғылыми зерттеулердің ішінде ерекше орынға ие. Бұл ерекшеліктер тек мәдениетаралық қарым-

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

қатынастағы этномәдени сипаттарды анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар әр халықтың өз мәдениеті мен тілін зерттеу үшін де маңызды. Себебі этномәдени, психологиялық, когнитивтік бағыттарға қарай басымдық беретін осындай ғылыми ізденістер белгілі бір тілде сөйлейтін тілдік тұлғаның ұлттық когнитивтік құрылымын, этномәдени кодтарын және ұлттық дүниетанымы мен құндылықтар жүйесінің ерекшеліктерін тануға негізделеді.

Адам шынайы болмыстың құбылыстарын іс-әрекет пен қарым-қатынас негізінде қабылдай отырып, оларды өзінің санасында бейнелейді. Бұл бейнелеу барысында құбылыстар арасындағы себептік және кеңістіктік байланыстар мен осы құбылыстарды қабылдау кезінде туындайтын эмоциялар санада орнығады. Олар өз кезегінде жекелеген индивидтің тұжырымдамалық білімі болып қана қоймай, тілі мен мәдениеті, күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен біртұтас аумақта өмір сүретін әлеуметтің ұжымдық санасы, содан туындайтын ұлттық тілдік лексиконын құрайтын маңызды ғылыми категория – этностың ғаламдық бейнесіне айналады.

Ғалам бейнесі – этностың қоршаған ортаға бейімделуінің әмбебап механизмі. Себебі ол этникалық мәдениеттің өкілі әрекет ететін координаттар жүйесін анықтайды. Этнос дамуы барысында әлем бейнесі өзгеруі мүмкін, бірақ этностың ұжымдық бейсанасында сақталатын этникалық тұрақтылар – өзгеріссіз қалады.

Тілдік сана белгілі бір этностың әлеммен өзара әрекеттесу ерекшелігін бейнелейтіндіктен, тілдік сананың нақты көріністерін талдау арқылы сол этностың белгілі бір тарихи кезеңдегі мәдениетінің идеалдық формасын зерттеуге болады. Сонымен бірге, ақпаратты сандық форматқа айналдыру, автоматтандыру қарқынды жүріп жатқан жаһандану заманында тіл мен ойлауды модельдеудің басты құралдарының біріне айналып үлгерген және күнделікті өмірге барған сайын еніп жатқан жасанды интеллект пен тілдік модельдерді дамытуда да ұлттық тілдік сананы зерттеу тақырыбы өте өзекті. Себебі бұл жүйелердің шынайы, «адамға ұқсас» ойлау қабілетіне жақындауы үшін тек грамматикалық және статистикалық мәліметтер жеткіліксіз екендігі белгілі. Осы орайда, тілдік сананың терең қабаттарын бейнелейтін ассоциативтік сөздіктерді құрастыру жұмысы ерекше маңызға ие болуда.

Ассоциативтік сөздіктер – тілдік сананың құрылымын, семантикалық желілерді, ұлттық-когнитивтік ерекшеліктерді зерттеуге арналған маңызды лексикографиялық еңбек. Бұл зерттеу жұмысы әлем тілдеріндегі ассоциативтік лексиканың құрылымдық, мәдени және функционалдық ерекшеліктерін салыстырмалы негізде қарастыруға бағытталған.

Осындай лексикографиялық еңбектер адамның стимулға бір-біріне ұқсас немесе қарама-қарсы болатын, не бір уақытта пайда болатын, не бірінің артынан бірі тізбектеліп келетін вербалды ассоциациясынан тұрады. Когнитолог мамандардың зерттеуінше, есте сақтау процесінде

«идеялар ассоциациясының төрт заңы: ұқсастық заңы, қарама-қарсылық заңы, реттілік заңы және бір мезгілде болу заңы» қатыса алады [3, б. 235]. Ассоциациялардың осындай логикалық табиғатын білудің лексикограф маманға талдау кезінде, ал оқырманға сөздердің байланысын анықтауда маңызы зор.

Бүгінгі таңда тіл мен сана, мәдениет пен когниция арасындағы өзара байланысты түсіну – лингвистика мен гуманитарлық ғылымдарда басым бағыттардың бірі. Әртүрлі тілдегі ассоциативтік сөздіктерді зерттеу арқылы ұлттық ерекшеліктерді, әмбебап концептілерді, социомәдени бейнелерді анықтауға болады.

Ал қазақ тіліне қатысты ассоциативтік сөздіктерді құрастыру тәжірибесінде лингвист Н.В. Дмитрюк жетекшілігімен жарық көрген *Қазақ-орыс ассоциативтік нормалар сөздігі (ҚОАС-1978)* және Н.В. Дмитрюк, Д.А. Молдалиева, В.Д. Нарожная, Ж.И. Молданова, Е.С. Мезенцева, Н.А. Сандыбаева, Г.И. Абрамова әзірлеген *«Қазақша ассоциациялық сөздік»/«Казахский ассоциативный словарь» (ҚАС-2014)* лексикографтарға таныс. Алғашқы сөздікте (ҚОАС-1978) стимулдар мен реакция-ассоциациялар орыс тіліне аударылып, тіларалық салыстырмалы талдау мүмкіндігін кеңейткен. Өйткені мұндай ассоциациялар тілдік білім модельдері ретінде қарастырылады әрі тек ішкі тілдік семантикалық және грамматикалық қатынастарды емес, сонымен қатар сананың бейнелерін және вербалды жадты да көрсетеді. Ал «Қазақша ассоциациялық сөздік (ҚАС-2014)» жаңа мәліметтер бойынша, яғни егемен Қазақстан азаматтарының 120 000-нан астам ассоциативтік жауаптарынан әзірленіп, олар өз кезегінде ерлер мен әйелдердің реакциялары ретінде кесте түрінде берілген, бұл жеке адамның да, қоғамның да тілдік санасындағы гендерлік ерекшеліктерді саралауға мүмкіндік береді.

Ассоциативтік лексикография тәжірибесінен байқалатын жайт, ассоциативтік сөздіктердің тұтас халықтың тілдік санасын ғана анықтап қоймай, олардың өзге де ерекшеліктері бойынша, мәселен, жекелеген элеуметтік топтарға сәйкестігі («Жасөспірімдердің ассоциативтік сөздігі», «Саратов және Саратов облысы оқушыларының сөздігі», «Балалар ассоциацияларының сөздігі» және т.б.), компаративтік сипаты («Испан және орыс тілдерінің ассоциативтік нормалары», «Орыс және неміс тілдерінің ассоциативтік нормалары», «Славян ассоциативтік сөздігі» (орыс, беларусь, болгар тілдерінде) және т.б.), аспектілік сипаты (««Ақпараттық технологиялар бойынша орыс ассоциативтік сөздігі» (стимулдар – компьютерлік терминдер), «Топонимдер мен топонимдік ассоциациялар сөздігі», «Орыс тілінің фразеологиялық ассоциативтік сөздігі» және т.б.) ескерілетін ғылыми басылымдар саны көп. Алайда қазақ тіл білімі үшін тілдік сананы осындай әртүрлі қырынан қарастыру жұмыстары ғылым үшін құнды міндеттердің қатарына жатады. Осы орайда мақалаға арқау болып отырған стимул сөздері ұлттық құндылықтар жүйесінен ақпарат

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

беретін этнолексемалардан тұратын, оларға берілетін ассоциациялары да стимулдарға сәйкесінше этномәдени сипаттағы тіл бірліктері болып, ұлттық ассоциативтік өрісті құрайтын «Ұлттық ассоциативтік сөздікті» құрастыру қағидаларын ұсыну – әлемдік лингвистика (оның ішінде, әсіресе, психолінгвистика, нейролінгвистика, когнитивтік лингвистика, қолданбалы лингвистика), педагогика, психология, аударма теориясы мен мәдениетаралық коммуникация, информатика және т.б. ғылым салалары үшін де өзекті мәселелердің бірі. Мақала аясында ұлттық сипаттағы ассоциативтік сөздіктерді құрастыруда лексикограф маман алға қойып, ұстанатын басты лингвистикалық қағидалар ұлттық ассоциативтік сөздік материалдары негізінде талданып, ғылыми қауымға ұсынылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Тілдік сананы зерттеудің тиімді әдісі – ассоциативтік эксперимент жүргізу. Белгілі бір мәдениет өкілі және тіл иесі ретіндегі респонденттердің реакцияларынан құралған ассоциативтік өрістер олардың әлем бейнесін немесе тілдік санасын зерттеуге материал ұсынады. Сонымен қатар, ассоциативтік-вербалды өрістерге негізделген менталды лексиконды зерттеу жұмыстары сана бейнесінің мазмұны мен құрылымын және қандай да бір мәдениет өкілдерінің тілдік санасының жүйелілігін анықтайды. Бұл әрбір мәдениеттің әлем бейнесінің өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас сипатқа ие екенін көрсетеді.

Қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігін құрастыруда еркін ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Зерттеу қатысушыларына бір стимул-сөз ұсынылды, олар осы сөзбен байланысты ойына бірден келген сөзді жазуы тиіс болды. Мұндай әдіс күшті, әлсіз семантикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Сөздіктің арнайы сипаты – қазақ халқының этникалық танымына қатысты ақпарат беретін лингвистикалық еңбек болғандықтан 55-80 жас аралығындағы қазақ тілді, ұлттық құндылықтар дүниесін терең түсінетін азаматтардан «Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарға нені жатқызасыз?» деген сауалдың шеңберінде сұқбат (интервью) жүргізілді. Сұқбат нәтижесінде жиналған жиілігі жоғары этномәдени 62 тілдік бірлік стимул сөз ретінде алынды. Сөздіктің жалпы ұлттық кең ауқымды ерекшелігіне орай еркін ассоциативтік эксперимент 2023 жылдың қыркүйек айынан 2024 жылдың тамызы аралығында онлайн түрде, Google Forms платформасы негізінде жасырын (анонимді) жүргізілді. Респонденттерге қойылатын жалғыз талап – ана тілі қазақ тілі болатын, жасы 18-ден асқан Қазақстан Республикасының азаматы болуы, өйткені зерттеу ұлттық санасы айқын ересек адам лексиконының көрінісін талдауға бағытталған болатын. Жалпы, зерттеуге 1000 респондент қатысты. Олардың ішінде 628 адам (62,8%) өздерін әйел, 372 адам (37,2%) ер деп көрсеткен. Қатысушылардың орташа жасы – 31 жас. Қатысушылардың жыныс пен жас ерекшеліктерінен бөлек, мамандығы (филологиялық/ филологиялық емес),

туып-өскен аумағы (қала, облыс) туралы ақпарат та жиналған. Сандық көрсеткіштері келесідей: филологиялық білімі бар – 420 адам (42%), филологияға қатысы жоқ (жаратылыстану, техникалық, т.б. ғылымдар) мамандық иелері – 580 адам (58%), аумақтық бөлініс бойынша: Абай облысы – 118 (12%), Павлодар облысы – 97 (10%), Алматы қаласы – 80 (8%), Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды облыстары – 70-79 (7%), Астана қаласы – 59 (6%), Шымкент қаласы, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары – 50-59 (5%). Эксперимент барысында 62 стимул сөз әрқайсысы 25 стимулдан тұратын 3 жауап парақшасына бөлініп, 20505 бірегей реакция жиналды. Олардың 12%-ы тек бір рет қана кездескен, яғни олар *hapax legomena* деп аталатын жауаптар. Қазақ тілінің ұлттық ассоциативтік сөздігінде осындай әлеуметтік (жас, жыныс, мамандық, аумақ) ерекшеліктерінің жіктеліп көрсетілуі бұрын жарыққа шыққан ассоциативтік сөздіктерден өзгеше сипатын көрсетіп қана қоймай, жалпы қазақ тілді ассоциативтік лексикографияның даму үдерісін де байқатады.

Нәтижелер

Кез келген лексикографиялық еңбектің оқырманға сөздікте қамтылған ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуі үшін бірнеше бөлімдерден тұратыны тәжірибеде бар. Мақала авторлары осындай толық және стандартқа сәйкес, лексикографияның академиялық талаптарына сай ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастыруда бірнеше лингвистикалық қағидаларды ұсынады. Нәтижесінде, ұлттық ассоциативтік сөздіктердің құрылымдық компоненттері ажыратылып, олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама беріледі:

1. *Алғысөз және кіріспе мақала*, онда ассоциативтік сөздікті пайдалану қағидалары түсіндіріледі, сөздік мақаланың құрылымы туралы ақпарат беріледі, шартты қысқартулар тізімі ұсынылады (Н.В. Дмитрюктің «Қазақша ассоциациялық сөздік», Н.В. Уфимцеваның «Славянский ассоциативный словарь: русский, белорусский, болгарский, украинский» т.б. сөздіктері негізінде). Көп жағдайларда ассоциативтік лексикографияның тарихы мен теориялық негіздері, сөздік материалдарының лингвистикалық жан-жақты талдауы да келтіріледі.

2. *Сөздіктің стимул сөздерінің тізімі* – сөздіктегі стимул ретінде алынған тілдік бірліктердің әліпбилік тәртіппен орналасқан тізімі (реестрі). Ассоциативтік сөздіктерді стимул сөздер түсіндірме, диалектологиялық, этимологиялық сөздіктердегі сияқты сөздердің бастапқы түрімен (*кие, айттық, асату, ұят, обал, бөрік, шаңырақ, шұбат, қалжа т.б.*) берілуі мүмкін. Стимул сөздердің тізімі сөздік құрылымында жеке блок ретінде бөлінбейді.

3. *Сөздік мақала* – ассоциативтік сөздіктің дескриптивті табиғаты көрініс табатын маңызды бөлімі. Мақаланың материалы ретінде ұсынылып отырған ұлттық ассоциативтік сөздік тікелей «стимулдан реакцияға»

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

тәртібі (*стимул* → *реакция* немесе $S \rightarrow R$) бойынша әзірленді. Бұл дегеніміз тікелей ассоциативтік сөздіктің сөздік мақаласында этнолексема, культуремадан туындайтын стимул сөздердің атауы мен жинақталған реакцияларының жалпы санынан кейін оларға сәйкес ассоциациялар бөлек кестедегі бағандармен келтіріледі. Осында стимулды әдеттегі лексикографиялық еңбектердегі вокабула (лат. *vocabulum* – сөз, атау) немесе лемманың (гр. *lemma*) баламасы деп қарастырған жөн. Айта кетерлік жайт, ұлттық ассоциативтік сөздіктің корпусы оған дейін жарыққа шыққан «Қазақша ассоциациялық сөздік» секілді кесте түрінде беріледі. Авторлар сөздік мақаланың кестемен берілуін сөздікпен жұмыс істейтін адамға ассоциациялардың сандық көрсеткіші мен әртүрлі түспен көрсетілетін стилистикалық белгіленімдерінің түсінікті және визуалды оңай қабылданатын артықшылықтар беретінімен байланыстырады. Бұл шешім ассоциативтік сөздікпен жұмыс істеудің оңтайландырылған нұсқасын ұсынады. Сондай-ақ, әр стимул сөздерге (қалың қаріппен ерекшеленеді) қатысты ассоциациялар жеке кесте түрінде беріліп, реакциялар өзара 4 биоэлеуметтік сипатамалар – гендерлік, ареалдық, жас категориясы, кәсіби бейімділігі (филолог/филолог емес) сипаттарына қатысты дифференциацияланады. Ассоциациялардың осылайша кеңейтілген параметрлер бойынша берілуі – ұлттық ассоциативтік сөздіктің жаңалығы. Себебі оған дейін жарық көрген қазақ тілінің ассоциативтік сөздіктерінде реакциялардың тек жынысқа байланысты сандық ерекшеліктері ажыратылған болатын.

Кестенің құрылымы келесідей: бірінші бағанда жиілік реттік нөмірі, екінші бағанда ассоциативтік жауаптар, стилистикалық ерекшеліктері сәйкесінше сөзбелгілермен (*дәрекі, диал., ауысп., ауызекі, діни, эксп., парем.*) көрсетіледі. Жиілік кему тәртібімен (жиілігі жоғарыдан жиілігі төмен (әдетте, 1) орналастырылады. Ал жиілігі бірдей жауаптар әліпбилік ретпен жазылады. Үшінші бағанда осы стимулға қатысты барлық ассоциациялардың саны, келесі бағандарда ерлер мен әйелдердің, жас категориясы (18-80), территориялық аумақ (Қазақстан Республикасының мемлекеттік маңызы бар қалалары мен облыстары), мамандықтың тіл білімі ғылымдары қатыстылығы бойынша жауаптары жеке ұяшықта көрсетіледі, жиілік көрсеткіш әр параметрдің астында санмен беріледі. Мақаланың соңында реакция берілмеген жауаптар саны, түсініксіз болған («білмеймін», «не знаю», «I do not know» деген жауаптар тіркелген) саны тұрады. Сонымен бірге, ассоциативтік сөздіктердің сөздік мақаласына бір рет қана кездескен реакциялар саны, стимулдарға тұлғасына қарай сәйкес келетін реакциялар саны (мұндай реакциялар курсивпен немесе жұлдызшамен (*) белгіленеді) да қоса ұсынылса болады.

Сөздік соңында еңбектің мазмұны келтіріледі, ол әліпбилік реттегі стимулдардың тізімі мен сол сөздік мақалалардың орналасқан бет нөмірінен тұрады.

Талқылау

Лингвистикада сөздік құрастырудың ғылым үшін маңызды лексикографиялық қағидаларының бірнеше жіктелімі бар. Ең алдымен, Б.А. Ларин және оның мектебі әзірлеген лексикографияның қағидалары классикалық деп саналады. Ол қағидаларға *сөздік құрамының толықтығы қағидасы, материалды дәлме-дәл сипаттап тіркеу (құжатталуы) қағидасы, сипатталатын бірліктерге уақыт пен кеңістік тұрғысынан сипаттама беру қағидасы, лингвомәдени тұрғыдан ретроспективті сипаттама беру қағидасы, вокабулаларды кешенді сипаттау қағидасы* жатады [4, б. 72]. Б.А. Лариннің қағидалары, түптеп келгенде, кез келген лексикографиялық жұмыс қамтуы тиіс келесі 7 қағидатқа сәйкес келеді:

- салыстырмалылық және оқырманға бағытталу қағидаты;
- стандарттау қағидаты;
- үнемділік қағидаты;
- қарапайымдылық қағидаты;
- материалдың толықтығы қағидаты;
- тиімділік қағидаты;
- мағыналық кезең-кезеңмен сипаттау қағидаты [5, б. 81].

Ассоциативтік сөздіктердің өзіндік табиғатына орай, біз, ең алдымен, стимул сөзді таңдауда және ары қарайғы ассоциациялардың сөздікте берілу тәртібін анықтайтын *жиілік және статистикалық репрезентативтілік қағидасын* ұсынамыз. Себебі біздің мысалымыздағы ұлттық ассоциативтік сөздікте стимул сөздер сұқбат нәтижесінде алынған 91 тіл бірліктің ішіндегі ең жиі кездескен 62 лексеманы таңдап алдық. Ассоциациялар жиілігі бойынша ең жиі кездесетін жауаптардан сирек кездесетіндерге дейін орналасады.

Сөздіктің арнайы сипатына қарай *стимул сөздерді таңдаудағы шектеулілік қағидасын* да лингвистикалық қағидалар тізіміне қосамыз. Себебі осындай аспектілік сөздіктер ассоциативтік желінің жекелеген қырларына арналып, стимул сөз де сол салаға қатысты болуы керек. Мақала авторлары ұсынып отырған сөздікте де лексемалардың арнайы семантикасына – стимулдардың ұлттық құндылықтар мен менталитетті білдіруіне баса назар аударылған. Ал ондай мағынаны этномәдени лексемалар бере алады. Осыдан келіп, этникалық бағыттағы ассоциативтік сөздіктерге *мәдени релеванттылық және этнолингвистикалық фрейм қағидасын* қолдануға болады. Осы қағида бойынша қазақ менталитетіне, мәдениетіне, салт-дәстүріне тән стимулдар (*тұсаукесер, кие, той, асар*) таңдалды, ұлттық-мәдени тіл бірліктеріне басымдық берілді. Осындай мысал корей ассоциативтік сөздігінен де аңғарылады. Korean Word Association деректерінде көптеген типтік ассоциативтік жұптар қамтылған: *school-teacher (мектен-мұғалім), mother-father (ана-әке), sea-deep (теңіз-терең)* – жалпы мағынада, ал *old times-tiger (ертегі-жолбарыс), kimchi-ramen (кимчи-рамен), wish-unification (арман-бірлік)* – корей мәдениетіне

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

тән мағыналық байланыстар. Бұл ақпарат тіл мен мәдени элементтерді біріктіре отырып, қызықты және тиімді сөз үйрену контентін әзірлеуге мүмкіндік береді [6, б. 431].

Жалпы тілдің менталды лексиконын зерттеуде тілдегі жиі кездесетін сөздер немесе классикалық үлгі бойынша – Кент-Розановтың сөздер тізімін, ал аспектілік ассоциативтік сөздіктерді (фразеологизмдер, түрлі мамандық иелеріне арналған сөздіктер (ақпараттық технологиялар мамандары, инженерлер, экономистер т.б.) құрастыруда сол салаға қатысты тілдік бірліктердің таңдап алынуы ғылыми тұрғыдан маңызды деп түсінеміз.

Ассоциативтік сөздіктерді әзірлеуде *стандарттылық, реттілік қағидасын ұстану* да міндетті талапқа жатады. Жоғарыда келтірілген сөздіктердің жалпы құрылымы, сөздік мақаланың құрастырылуының реті, атап айтқанда, *тікелей* «стимулдан реакцияға» тәртібі (*стимул* → *реакция* немесе $S \rightarrow R$) және *кері* «реакциядан стимулға» тәртібі (*реакция* → *стимул* немесе $R \rightarrow S$) де осы қағидаға сәйкес келеді. Қазіргі орыс тіліндегі баспа сөздіктердің көпшілігі тікелей принцип негізінде жасалған. Осы тәртіп қажетті тілдік бірліктерді табу жолын да білдіре алады. Мысалы, Орыс ассоциативтік тезаурусының (<https://thesaurus.ru/dict/>) сайты екі негізгі іздеу тәртібін ұсынады: 1. *Тікелей іздеу (Прямой поиск)*: Пайдаланушы белгілі бір стимул сөзді енгізеді, жүйе оған берілген ассоциация немесе реакция сөздерді көрсетеді. 2. *Кері іздеу (Обратный поиск)*: Белгілі бір реакция сөз қандай стимул сөздерден туындағанын табуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліне арналған *University of South Florida* жобасы аясында жасалған ассоциативтік норманың авторлары стандартқа сәйкес келетін осы 2 тәртіптің лингвистикалық маңызын келесідей түсіндіреді: «*Тікелей ассоциативтік норманы* құрастыруда алға қойылған ереже: Сөздік статистикалық мәні бар, жиі қайталанған реакцияларды «норма» ретінде негізге ала отырып қалыптастырылады. Әрбір стимулға берілген реакциялар жиынтығы нормаланған деп есептеледі. *Ал кері ассоциативтік норманы құрастыруда* алға қойылған ереже: Бұл формат реакция сөздің кең таралуын, яғни оның түрлі контекстерде ассоциативтік белсенділігін сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, семантикалық байланыстардың кері бағытын зерттеуге қолданылады» [7]. Аталған қағида ассоциативтік лексикография тәжірибесінде ұстанатын басты қағидалардың бірі. Мысалы, ағылшын тілді WordAssociation.org сайтындағы ассоциативтік нормада берілген «love» (махаббат) стимулы мысалында сайт пайдаланушылары «love» ассоциациясына қатысты мынадай стимулдарды көрсеткен:

Кесте 1. WordAssociation.org сайтындағы сөздік мақаланың тікелей-кері тәртіпте берілуі

<i>Тікелей тәртіп бойынша</i>	<i>Кері тәртіп бойынша</i>
love → hate (орташа байланыс)	hate → love (әлсіз байланыс)

love → <i>heart</i> (әлсіз)	<i>heart</i> → love (өте әлсіз)
love → <i>girlfriend</i> (өте әлсіз)	<i>sex</i> → love (өте әлсіз)
love → <i>harlot</i> (өте әлсіз)	<i>romance</i> → love (өте әлсіз)
love → <i>sex</i> (өте әлсіз).	<i>like</i> → love (өте әлсіз)

Жауаптардан байқайтынымыз, көп ассоциациялар әлсіз немесе өте әлсіз, бұл дегеніміз оларға жауап берген адамдар саны аз екенін көрсетеді. Ойын әдісі арқылы жиналған ассоциацияларды қамтитын бұл сайт адамдардың нақты тілдік реакцияларын көрсетеді, ал осы реакциялар ассоциативтік шынайы дерек болып саналады [8].

Ассоциативтік лексикографияда болуы тиіс қағидалардың бірі – *сауаттылық қағидасы* деп білеміз. Ассоциативтік сөздік жүздеген респонденттерден алынған нақты лингвистикалық деректерге сүйенеді. Реакциялар таза, өңделмеген күйінде тіркеледі, бұл интуитивті тілдік ойлауды көрсетеді. Нормаланған реакциялар статистикалық жиілігі мен мәнділігіне байланысты сұрыпталады. Респондент жауаптарының экстралингвистикалық факторларға әсіресе тәуелді болатынын (жас, білім деңгейі, грамматикалық, стилистикалық және басқа да нормаларды білу дәрежесінің әртүрлі болуы) ескере келе, олардың жауаптарын сауаттылық тұрғысынан түзеп, өңдеп шығу ғылыми басылым үшін қажетті жұмыс деп есептейміз. Сондықтан да ұлттық ассоциативтік сөздікте көптеген орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателер түзетіліп беріледі және сөздер ойыны, символ, эмоджи, әзіл-қалжыңмен берілген жауаптар алынып тасталынды. Мәселен, *«асату дегеніміз ол қазақ халқынын ежелден келе жатқан дәстүры. Сыйлы қонаққа ет тамағы және де басқа ас түрі беріліп болған соң. Қалған тамақтан отырған адамдарға астан асатады»* түрінде берілген респонденттердің жауаптарынан бірнеше сөзді, тыныс белгілерін дұрыс пайдаланбаудағы қателері анықталып, сөздікке тек әдеби нормаға сәйкес нұсқасы жазылады.

Ассоциативтік сөздіктердің психоллингвистика саласының көптеген мәселелерін шеше алатын еңбек белгілі. Соның бірі және бірегейі – сөздік деректерінің биоәлеуметтік ерекшеліктерге байланысты психоллингвистикалық айырмашылықтарды талдауға қолайлы болуы. Сол себепті сөздікті жасауда *социоллингвистикалық параметрлер бойынша стратификация қағидасының* ғылыми мақсатта қолданылуы орынды деп санаймыз. Бұл қағида ассоциативтік сөздіктерді құрастыруда соңғы онжылдықта кеңінен пайдаға асуда. Оның жарқын мысалы – *«Қазақша ассоциациялық сөздік»* (ҚАС-2014). ҚАС-2014 сөздігінің ерекшелігі – мұнда *гендерлік жүйелеу қағидасы* алғаш рет қолданылды. 120 000-нан астам ассоциативтік жауап ерлер мен әйелдердің реакциялары ретінде кесте түрінде берілген, бұл жеке адамның да, қоғамның да тілдік санасындағы гендерлік ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік береді [9].

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

Орыс ассоциативтік тезаурусының веб-нұсқасын пайдаланушылар да 100 000-нан астам ассоциацияларды жынысы, жасы және кәсібі бойынша салыстырып, талдау жасай алады. Ассоциациялар белгілі бір кәсіби топтар бойынша бөлініп көрсетіледі. Тезаурус базасында биолог, геологтан бастап баспа ісі маманы, әскери инженерге дейінгі 31 түрлі кәсіби топ қамтылған.

Жапон тілінің ассоциацияларын жүйелейтін *Japanese Word Similarity and Association Norms (JWSAN)* жобасында да респонденттер жас және жыныс көрсеткіштері бойынша бөлінген. Ұқсастық пен ассоциация рейтингтері жапон тілінің 6450 ана тілінде сөйлейтін адамынан интернет-сауалнама арқылы жиналған. Сонымен бірге, бағалаушының жасы мен жынысының әсері де талданған, бұл факторлар жапон тіліне қатысты бұрынғы зерттеулерде көбіне ескерілмей келген [10, б. 923].

1970 жылғы ғалым Ли жүргізген корей ассоциацияларына қатысты зерттеуде де 40 университет студентінің жауаптары жыныстық айырмашылықтар мен грамматикалық сөз таптары тұрғысынан талданған [11, б. 28].


Мақала авторлары қарастырып отырған сөздік жас, жыныс, белгілі бір территория, мамандыққа қатысты жүйелеу қағидасын ұстанады. Мұндағы мақсат – қазақ тіліне қатысты аспектілік (ұлттық) сөздікті әзірлеп қана қоймай, кем дегенде когнитивтік үдерістерді зерттеуде лингвистикада, тілді оқытуда жаңа сөздерді меңгеруге көмектесетін педагогикада пайдалы және құнды еңбекті жасап шығаруда. Себебі адамның белгілі бір жас кезеңі, жынысы мен мамандығы, территорияға тән болуы сияқты түрлі-түрлі экстралингвистикалық факторлар тілді қолдануға, менталды лексиконды қалыптастыруға әсер етеді.

Ұлттық ассоциативтік сөздік мысалында дәл осындай әлеуметтік айырмашылықтар анықталды. Ең алдымен, гендерлік өзгешелік бойынша әйелдерде – эмоциялық, экспрессивтік, лексема шеңберінен асатын сөз қолданыстары, ерлерде – рационал реакциялар кездесті. Мысалы, «сәукеле» стимулына әйел жынысты респонденттер *«ұзатылған қыз киетін, аса бағалы, биік төбелі салтанатты бас киім; жас қыздың үйленген кезде басына киетін бас киімі; қыз ұзатылғанда басына киетін, ұзын үш бұрышты бас киім; ұзатылған қызға арнап, киізден тігілген, оюлап өрнектелген, асыл тастармен безендірілген конус тәрізді бас киім»* деген бас киім ретіндегі сәукелені толықтай сипаттайтын, ұзын сөйлемдермен жауап берсе, ер респонденттер *«қазақтың ұлттық киімдерінің бірі; әйел адамдар киетін бас киім; қазақтың ұлттық бас киімі»* секілді нақты, бір мағыналы, артық сөз өрнектерін пайдаланбай, нейтралды коннотациядағы жауаптарын жазған. «Сүндет той» стимулы әйелдердің санасында *«той, мереке, той-думан, дәстүр, тұсау кесу, парыз, салт, жақсылық тойы»* деген жағымды мәндегі рухани мәдениетпен байланысты ассоциациялар, ерлерде *«ақша, бала, ер бала, сәби, нәресте, еркек»* сынды материалды, реалды дүниелерге, құндылықтарға қатысты

реакциялар түрінде орын алған. Осындай тілдік ерекшеліктер әйелдердің ойлауы вербалды, ал ер адамдардікі – ұғымдық екені белгілі; әйелдер жиі есімдіктерді, шылауларды, болымсыздық мәнді сөздерді эмоцияны жеткізу үшін қолданады. Ер адамдардың сөйлеуі, негізінен, зат есімдерден тұрады, себебі олар ұғымдарды тікелей білдіреді», «әйелдердің тілі психологиялық және әлеуметтік үдерістерді, сондай-ақ етістіктерді көбірек қамтыса, ерлердің тілі негізінен қазіргі мәселелерге бағытталған. Осылайша, зерттеу нәтижелері ерлер мен әйелдердің тілді әртүрлі мақсатта пайдаланатынын көрсетеді» [12, б. 223] деген гендерлік лингвистикадағы кең таралған пікірлермен сәйкес келеді.

Ассоциативтік сөздіктер орташа тіл иесінің жас ерекшелігіне байланысты градациясын анықтауға да ғылыми материал бола алады. Аталған термин әлеуметтік лингвистикада «жеке адамдар өмір бойы жасына байланысты тілді қолдану мәнерін өзгертеді, алайда әлеуметтің тілдік жүйесі өзгеріссіз қалады» дейтін құбылысты білдіреді. Бұл терминді алғаш Чарльз Хоккет енгізіп, кейін оны Уильям Лабов дамытып, зерттеген. Осы түсінік бойынша *жастар (15-25 жас)* тілді өзін-өзі көрсету құралы ретінде, келіссөздер мен өзара әрекеттесуді білдіру үшін бейресми тілді – жаргон, неологизмдер мен көптілді элементтерді жиі қолданады [13, б. 7]. *Ересектер (30-50 жас)* тілдік тұрғыдан икемдірек, олар бейресми және ресми тілді жағдайға сай қолданып отырады. Олардың тілдік таңдауы көбінесе жұмыс пен отбасылық жауапкершілікке байланысты. Жастар достарымен байланыс орнату үшін бейресми тілді пайдаланса, ересектер жеке және кәсіби өмірде ресми мен бейресми стильдердің арасындағы тепе-теңдікті сақтайды [14, б. 880]. *Қарттар (60 жастан жоғары)* заманауи тілдік үрдістерді ұната бермейді; олардың сөйлеу стилі ресми болып қала береді, себебі олар қарым-қатынастың анықтығы мен тікелейлігіне, әсіресе эмоцияларға ерекше мән береді. Егде жастағы адамдар мүмкіндігінше қарапайым сөздерді, қысқа сөз тіркестерін қолдануға бейі. Кейбір ауруларға байланысты еркін және дұрыс сөйлеу қабілетін жоғалтады.

Біз де сөздіктің тілдік деректері негізінде жастардың орыс тіліндегі сленгтер, эмоджи, дара сөз, эмоциялы лексиканы пайдаланатынын байқасақ, 25 жастан асқан респонденттер мақал-мәтелдер, толық және түсінікті, әдеби нормаға сәйкес тілді қолданған. 50 жастан асқан респонденттер тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер, ұлттық рухани және мәдени құндылықтарды білдіретін сөз қолданыстарын жауап ретінде ұсынған. Десе де, бұл – орташа тіл иесінің стандартты нормасына сай келетін нәтиже. Жауап парақтарынан 18-25 жас аралығындағы қатысушылардың да, өз кезегінде, стимулға нақты терминдерден бастап афоризмдер мен дәйексөздерге дейінгі реакциялар табылатынын айтып өткеніміз жөн. Ассоциациялардың жас ерекшеліктеріне қатысты тілдік ерекшеліктері пайыздық үлес тұрғысынан мына сызбада анық көрсетіледі:



Сызба 1 – Жас ерекшелігіне қатысты ассоциациялардың тілдік көрінісі

Ұлттық ассоциативтік сөздіктің респонденттердің жауаптары негізінде дәл қазіргі сәттегі этномәдени құндылықтар жүйесінің сандық және сапалық сипатын анықтап беретін мүмкіндігі бар. Қазақстандық жастардың аксиологиялық дүниетанымына орай жазылған «жаһандандудың Қазақстандық жастарға қарама-қайшы әсері олардың индивидуализм, инновация және таңдау еркіндігі сияқты жаһандық құндылықтарға тартылуымен, сондай-ақ этномәдени және діни құндылықтарға баса назар аударатын нео-дәстүрлі көзқарастардың өсуімен одан әрі дәлелденеді» [15, б. 149] деген пікірден Қазақстан Республикасы территориясында өсіп, өмір сүріп жатқан жастарда әрі заманауи, әрі бағзы замандардан бері ұмытылмай келе жатқан этникалық сананың да сабақтаса өрбіп, қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Десе де, сөздікте көрсетілген, 3 республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) және 17 облыс тұрғындарының жауаптары бойынша ұлттық салт-дәстүрлерді білдіретін сөз қолданыстары, этномәдени лексемалар түріндегі ассоциациялардың басым көпшілігі Алматы, Шымкент қалалары мен Абай, Түркістан облыстарынан тіркелген. Жалпы, ареалына орай көрінетін тілдік ерекшеліктер келесідей: Қазақстанның оңтүстігінен жиналған жауаптарда салт-дәстүрге қатысты сөздер жиі («*бесік той*» стимулына *құда, той, шілдеhana, баланы бесікке салу, бала дүниеге келген кезде жасалатын той, бесік жыры; бесік той – нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын гұрыптық салтанат; қазақи дәстүр, қырқынан шыққан баланы бесікке салу салты; нәрестені алғаш бесікке салу; той-томалақ; ұлттық мұра*), солтүстіктегі облыстарда нейтрал лексика (*нәресте, бөпе, бала-шаға, жас нәресте*) басым келеді.

Ассоциацияларды талдай келе, этникалық мәдениетке қатысты лексемаларды түсіну мен жеткізуде кәсіби тілдік дайындығы бар филологиялық мамандық өкілдері (филолог, лингвист, аудармашы) мен

техникалық, жаратылыстану сияқты басқа сала бойынша білімі бар респонденттердің арасынан да кей тілдік өзгешеліктерді кездестірдік. Филологтар этнолексемаларды тереңірек және құрылымды талдауға бейім болса, филолог емес респонденттер мәдени стереотиптер мен күнделікті тәжірибеге сүйенуі мүмкін. Мысалы, филологтар «*жарысқазан*» стимулына «*той, салт, салт-дәстүр, қазан, ырым, қуанышты бөлісу, той қазаны, ұлт айнасы, ырым түрі*», басқа сала мамандары «*жарыс, ойын, мереке; ырым ба, бір нәрсе; білмеймін*» деген жауаптарды берген. Демек, филолог емес респонденттер санасында бұл стимул тұлға жағынан ұқсас (*жарыс*), болжам (*ойын*) түріндегі реакцияларды туындатқан. Шынында да, осы жауаптар мысалдарынан филологтардың аналитикалық, басқа мамандық өкілдерінің интуитивті тұрғыдан қалыптасқан реакцияларға сүйенгені ықтимал. Сонда да, бұл реакциялардың тек ерекше көзге түскен үлгісі екендігін ескертеміз. Себебі ассоциативтік сөздіктің өзі орташа қазақ тіл иелерінің жауаптарын ұсынады.

Қорытынды

Ассоциативтік сөздіктер – адам баласының менталды лексиконын, оның құрамы мен аксиологиялық сипатын (этно аспектіде болса) танытатын, осы бағыттағы зерттеулер үшін мол ақпарат беретін маңызды лексикографиялық еңбектердің бірі. Сөздік лингвистикада, педагогикада, қазіргі сандық технологиялардың қарыштап дамып жатқан заманда ақпараттық технологияларда, психология, философия т.б. ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Осыған байланысты жеткілікті көлемде әртүрлі аспектілерді (біздің мысалымызда, этномәдени лексемаларды стимул ретінде алған сөздік) қамтитын жан-жақты ассоциативтік нормалар, сөздіктер сериясын құру – өзекті міндет. Ал осы бағытта ассоциативтік сөздіктерді әзірлеуде жалпы және сөздіктің ерекшелігіне орай жекелеген қағидаларын ұсыну теориялық және практикалық тұрғыдан бағалы. Себебі ассоциативтік сөздіктің қағидалары әр лексикографқа бағдар беретін нұсқаулық ретінде, лингвистикалық заңдылықтарды қамтитын ереже ретінде қажет. Біз ұсынып отырған қағидалардың әрқайсысы – жиілік және статистикалық репрезентативтілік қағидасы, стимул сөздерді таңдаудағы шектеулілік қағидасы, мәдени релеванттылық және этнолингвистикалық фрейм қағидасы, стандарттылық, реттілік қағидасы, сауаттылық қағидасы, социоллингвистикалық параметрлер бойынша стратификация қағидасы ассоциативтік сөздікті құрастыруға қызығушылық танытқан барша лексикографтарға сөздікті лексикографиялық талаптарға сәйкес әзірлеу үшін, ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялар – тілдік материалдарды дұрыс жүйелеуде таптырмас ұстанымдар жиынтығы. Осылайша, аталған қағидалардың тілдің қоғам мен мәдениетті қалай бейнелейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін әдістемелік маңызы бар. Ол ұлттық тілдік сананың құрылымын, мәдени құндылықтар мен

Ұлттық ассоциативтік сөздікті құрастырудың лингвистикалық қағидалары:

дүниетаным ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі сөйлеу әрекетінің өзгешеліктері туралы қорытынды жасауға негіз болады. Демек, зерттеуші үшін жеке тұлғаның да, тұтас халықтың да құндылықтар иерархиясын бейнелейтін жүйеленген дүниетаным анықталады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Караулов Ю.Н. Послесловие. Русский ассоциативный словарь как новый лингвистический источник и инструмент анализа языковой способности // Русский ассоциативный словарь. В 2 т. / Ю.Н. Караулов, Г.А. Черкасова, Н.В. Уфимцева, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов. Т. I. От стимула к реакции: Ок. 7000 стимулов. – М.: АСТ-Астрель, 2002. – С. 750-782.

[2] Уфимцева Н.В. Ассоциативный тезаурус как модель языкового сознания носителя языка // Языковое сознание: динамика и вариативность. – М.: Институт языкознания РАН, 2011. – С. 228-240.

[3] Аубакирова А.К., Кожбаева Г.К. Мнемотехнические приемы в практике обучения переводу // Известия КазУМОиМЯ, серия «Филологические науки». – 2023. – Т. 68, № 1. – С. 230-245.

[4] Денисов П.Н. Лексика русского языка и принципы ее описания / П.Н. Денисов. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Русский язык, 2023. – 245 с.

[5] Мокиенко В.М. Принципы ларинской лексикографии в трехтомном Большом словаре русских пословиц, поговорок и сравнений русского языка // Вопросы лексикографии. – 2012. – № 1. – С. 70-84.

[6] Jung J., Makoshi N., Akama H. Korean Word Associations: The Linked Structures for Language Learning // Proceedings of the 9th IEEE International Conference on Advanced Learning Technologies (ICALT 2009). – 2009. – Pp. 431-432.

[7] University of South Florida Free Association Norms <http://w3.usf.edu/FreeAssociation/> –12.05.2025.

[8] Word Associations Network <https://wordassociations.net/en/about> 15.05.2025.

[9] Дмитрюк Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А., Абрамова Г.И. Қазақша ассоциациялық сөздік / Казахский ассоциативный словарь (КАС). – Алматы-Москва: Медиа-Логос, 2014. – 330 с.

[10] Inohara K., Utsumi A. Japanese Word Similarity and Association Norm: A dataset for evaluating semantic representations // Language Resources and Evaluation. – 2021. – Vol. 55. – Pp. 905-933.

[11] Jung J., Li N., Akama H. Network analysis of Korean word associations // Proceedings of the NAACL HLT 2020 First Workshop on Computational Neurolinguistics. – Association for Computational Linguistics, 2020. – Pp. 27-35.

[12] Newman M.L., Groom C.J., Handelman L.D., Pennebaker J.W. Gender

differences in language use: An analysis of 14,000 text samples // *Discourse Processes*. – 2018. – Vol. 45, № 3. – Pp. 211-236.

[13] Zharkynbekova S.K., Chernyavskaya V.E. Kazakh-Russian bilingual practice: Code-mixing as a resource in communicative interaction // *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*. – 2022. – Vol. 13, № 2. – Pp. 468-482.

[14] Ghazanfar M. Age grading and linguistic change: Investigating age-based language variation in different social contexts // *Advance Social Science Archives Journal*. – 2024. – Vol. 2, № 4. – Pp. 874-885.

[15] Karipbayev B. Identity of Kazakhstani youth: The impact of globalisation and neo-traditionalism. – CA&C Press AB, 2021. https://ca-c.org.ru/journal/2021/journal_rus/cac-02/12.shtml 10.05.2025.

REFERENCES

[1] Karaulov Yu.N. Posleslovie. Russkii assotsiativnyi slovar' kak novyi lingvisticheskii istochnik i instrument analiza yazykovoi sposobnosti [Afterword. The Russian Associative Dictionary as a New Linguistic Source and a Tool for Analyzing Language Ability] // *Russkii assotsiativnyi slovar'*. V 2 t. / Yu.N. Karaulov, G.A. Cherkasova, N.V. Ufimtseva, Yu.A. Sorokin, E.F. Tarasov. T. I. Ot stimula k reaktsii: Ok. 7000 stimulov. – M.: AST-Astrel', 2002. – S. 750-782. [in Rus.]

[2] Ufimtseva N.V. Assotsiativnyi tezaurus kak model' yazykovogo soznaniya nositelya yazyka [The Associative Thesaurus as a Model of a Native Speaker's Linguistic Consciousness] // *Yazykovoe soznanie: dinamika i variativnost'*. – M.: Institut yazykoznaniiya RAN, 2011. – S. 228-240. [in Rus.]

[3] Aubakirova A.K., Kozhbaeva G.K. Mnemotekhnicheskie priemy v praktike obucheniya perevodu [Mnemo-technical Techniques in the Practice of Teaching Translation] // *Izvestiya KazUMOiMYa, seriya «Filologicheskie nauki»*. – 2023. – T. 68, № 1. – S. 230–245. [in Rus.]

[4] Denisov P.N. Leksika russkogo yazyka i printsipy ee opisaniya [The Lexicon of the Russian Language and Principles of Its Description] / P.N. Denisov. – 5-e izd., pererab. i dop. – M.: Russkii yazyk, 2023. – 245 s. [in Rus.]

[5] Mokienko V.M. Printsipy larinskoi leksikografii v trekhtomnom Bol'shom slovare russkikh poslovits, pogovorok i sravnenii russkogo yazyka [Lexicographic Principles of Larin as Reflected in the Three-Volume Comprehensive Dictionary of Russian Proverbs, Sayings, and Comparisons] // *Voprosy leksikografii*. – 2012. – № 1. – S. 70-84. [in Rus.]

[6] Jung J., Makoshi N., Akama H. Korean Word Associations: The Linked Structures for Language Learning // *Proceedings of the 9th IEEE International Conference on Advanced Learning Technologies (ICALT 2009)*. – 2009. – Pp. 431-432.

[7] University of South Florida Free Association Norms. <http://w3.usf.edu/FreeAssociation/> 12.05.2025.

[8] Word Associations Network. <https://wordassociations.net/en/about> 15 May 2025.

[9] Dmitryuk N.V., Moldaliev D.A., Narozhnaya V.D., Moldanova Zh.I., Mezentseva E.S., Sandybaeva N.A., Abramova G.I. Qazaqşa asosiasialyq sözdik / Kazakhskii assotsiativnyi slovar' (KAS) [The Kazakh Associative Dictionary]. – Almaty-Moskva: Media-Logos, 2014. – 330 s. [in Kaz. and Rus.]

[10] Inohara K., Utsumi A. Japanese Word Similarity and Association Norm: A dataset for evaluating semantic representations // Language Resources and Evaluation. – 2021. – Vol. 55. – Pp. 905-933.

[11] Jung J., Li N., Akama H. Network analysis of Korean word associations // Proceedings of the NAACL HLT 2020 First Workshop on Computational Neurolinguistics. – Association for Computational Linguistics, 2020. – Pp. 27-35.

[12] Newman M.L., Groom C.J., Handelman L.D., Pennebaker J.W. Gender differences in language use: An analysis of 14,000 text samples // Discourse Processes. – 2018. – Vol. 45, № 3. – Pp. 211-236.

[1] Zharkynbekova S.K., Chernyavskaya V.E. Kazakh-Russian bilingual practice: Code-mixing as a resource in communicative interaction // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. – 2022. – Vol. 13, № 2. – Pp. 468-482.

[14] Ghazanfar M. Age grading and linguistic change: Investigating age-based language variation in different social contexts // Advance Social Science Archives Journal. – 2024. – Vol. 2, № 4. – Pp. 874-885.

[15] Karipbayev B. Identity of Kazakhstani youth: The impact of globalisation and neo-traditionalism. – CA&C Press AB, 2021. https://ca-c.org.ru/journal/2021/journal_rus/cac-02/12.shtml. 10.05.2025

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ СОСТАВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО АССОЦИАТИВНОГО СЛОВАРЯ: КОЛИЧЕСТВЕННОЕ И КАЧЕСТВЕННОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

Медетбекова П.Т.¹, *Кордабай Б.К.², Алдашева К.С.³

^{1.*} ²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация. Достижения науки и технологий в значительной мере переходят в цифровой формат, что повышает доступность научной продукции и усиливает её потенциал в решении многих теоретических и практических задач. Лексикографические труды, онлайн-языковые базы, корпуса и другие компьютерные программы являются лингвистической основой современных исследований. Один из примеров – ассоциативные словари, описывающие языковое сознание целой этнической группы,

которые играют важную роль в искусственном интеллекте и системах машинного обучения языку при формировании у них особенностей мышления, логических процессов и грамматических структур, присущих носителям языка.

Цель статьи – систематизировать структуру национальных ассоциативных словарей, отражающих ценности и культурные особенности казахского этноса, обобщить опыт их составления, алгоритм и лингвистические принципы, дополнить их, а также на основе конкретных языковых материалов выявить и объяснить значимость этих принципов.

Основное научное направление и идея исследования – с учётом необходимости количественного и качественного развития ассоциативных словарей казахского языка, разработать их новый аспектный формат, соответствующий современным требованиям; собрать и проанализировать языковые данные, отражающие национальное языковое сознание и «ассоциативную» память.

При составлении национального ассоциативного словаря был использован метод свободного ассоциативного эксперимента. Реакции на стимулы были изучены посредством качественного и количественного анализа; определены лингвистические и аксиологические особенности реакций с учётом био-социальных показателей (возраст, пол, регион, профессия).

На основе предложенных принципов был сформирован словарный материал, систематизированы данные, отражающие национальный характер казахов, особенности их сознания и признаки наивной языковой картины мира.

В целом, разработка теоретических лингвистических принципов для новых практических лексикографических продуктов является одной из основных задач исследований в области составления словарей. Таким образом, развитие информационно-коммуникационных технологий XXI века и разработка принципов национальных ассоциативных словарей, значимость которых возрастает в условиях глобализации, не только способствует синхронному изучению казахского языка, но и обеспечивает сохранение на протяжении веков духовной и материальной культуры нации и семантики этнокультурных лексем. В статье предлагаются пути решения интегративных теоретических и практических задач в лексикографии, что вносит вклад в развитие казахского языкознания и создание нового поколения словарей.

Ключевые слова: ассоциативный словарь, лексикография, этнолексема, лингвистические принципы, психолингвистика, ассоциация, стимул, реакция, языковое сознание

**LINGUISTIC PRINCIPLES FOR COMPILING A NATIONAL
ASSOCIATIVE DICTIONARY:
QUANTITATIVE AND QUALITATIVE STUDY**

Medetbekova P.T. ¹, *Kordabay B.K. ², Aldasheva K.S. ³

^{1, *2}al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Scientific and technological advancements are increasingly transitioning to digital formats, enhancing the accessibility of research outputs and expanding their capacity to address theoretical and practical challenges. Lexicographic works, online language databases, corpora, and related computational tools form a core linguistic foundation. Among them, associative dictionaries, which capture the linguistic consciousness of an entire ethnic group, play a notable role in artificial intelligence and language learning systems by modelling native speakers' thought patterns, logical processes, and grammatical structures.

This article aims to systematize the structure of national associative dictionaries that reflect the values and cultural specificities of the Kazakh ethnos; to summarize their compilation practices, algorithms, and linguistic principles; to provide additional insights; and to determine their significance based on concrete linguistic material. The central research objective is to develop a new aspect-oriented format of Kazakh associative dictionaries that meets contemporary demands, given the need for both quantitative and qualitative growth. It also seeks to gather and analyse linguistic data illustrating national linguistic consciousness and “associative” memory.

A free associative experiment method was employed in dictionary compilation. Responses to stimuli underwent qualitative and quantitative analysis, with linguistic and axiological features examined through bio-social variables such as age, gender, region, and profession. Based on the proposed principles, dictionary entries were created, systematizing data that portray the Kazakh people's national character, cognitive traits, and elements of a naïve linguistic worldview.

The study underscores that developing theoretical linguistic principles for practical lexicographic products is a key task in dictionary research. In the 21st century, with rapid ICT development and globalization, formulating principles for national associative dictionaries supports synchronic study of the Kazakh language while preserving the nation's spiritual and material culture, traditions, and ethnocultural semantics.

Keywords: associative dictionary, lexicography, ethnolexeme, linguistic principles, psycholinguistics, association, stimulus, reaction, language consciousness

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 28.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Медетбекова Перизат Түктібайқызы – Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: medet_73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2788-3478>

Қордабай Бақыт Құрақбайқызы – корреспондент автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: bakyt.kordabay@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2445-2944>

Алдашева Камар Сагинғалиевна – PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: kama_kz89@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5292-6727>

Информация об авторах:

Медетбекова Перизат Түктібайқызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель (Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: medet_73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2788-3478>

Кордабай Бақыт Курақбайқызы – корреспондент автор, докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: bakyt.kordabay@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2445-2944>

Алдашева Камар Сагинғалиевна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: kama_kz89@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5292-6727>

Information about the authors:

Medetbekova Perizat Tuktibaikyzy – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer (Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: medet_73@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-2788-3478>

Kordabay Bakyt Kurakbaikyzy – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bakyt.kordabay@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0003-2445-2944>

Aldasheva Kamar Sagingaliyevna – PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kama_kz89@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5292-6727>